

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Әзербайжан Республикасы Үкіметінің арасындағы Салық заңдарының сақталуы мәселелері жөніндегі ынтымақтастық пен өзара көмек туралы келісімді бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1998 жылғы 9 сәуір N 307

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1997 жылғы 10 маусымда Алматы қаласында қол қойылған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Әзербайжан Республикасы Үкіметінің арасындағы Салық заңдарының сақталуы мәселелері жөніндегі ынтымақтастық пен өзара көмек туралы келісім бекітілсін.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Әзербайжан
Республикасының Үкіметінің арасындағы салық заңдарын
сақтаудың мәселелері бойынша ынтымақтастық
және өзара көмек туралы

КЕЛІСІМ

(ҚР халықаралық шарттары бюллетені, 1999 ж., N 4, 83-құжат)

(1998 жылғы 18 қыркүйекте күшіне енді - "Дипломатия жаршысы" ж.,

Арнайы шығарылым N 2, 2000 жылғы қыркүйек, 68 бет)

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Әзербайжан
Республикасының Үкіметі, бұдан әрі Тараптар деп аталады, салық
заңдарын сақтаудың мәселелері бойынша халықаралық ынтымақтастық пен
өзара көмектің маңыздылығын, салықтық құқық бұзушылықтар мен
қылмыстардың алдын алуға, оларды ашуға және болдырмауға байланысты
міндеттерді шешуді басшылыққа ала отырып;

осы мақсатта бір-біріне көмек көрсету ниетімен
төмендегілер бойынша келісті:

1-Бап

Келісімнің маңызы

Осы Келісімнің маңызы салықтық құқық бұзушылықтар мен қылмыстарды ашу,

алдын алу және болдырмау жөнінде пәрменді күрес ұйымдастыру мақсатында Тараптардың құзыретті органдарының ынтымақтасуы болып табылады.

Осы Келісімнің ережелері басқа халықаралық шарттарға сәйкес Тараптар қабылдаған міндеттемелерге жұғыспайды.

2-Бап

Құзыретті органдар

Осы Келісімнің мақсаттарына арналған Тараптардың құзыретті органдары мыналар болып саналады:

Қазақстан тарапынан - Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі;

Әзербайжан тарапынан - Әзербайжан Республикасының Қаржы министрлігі мен Әзербайжан Республикасының Бас Мемлекеттік Салық Инспекциясы.

Тараптардың құзыретті органдарының ресми атаулары өзгерген жағдайда олар тез арада дипломатиялық арна бойынша жазба түрде осы туралы бірін-бірі хабардар етеді.

3-Бап

Ынтымақтастықтың формалары

Осы Келісімнің шегінде Тараптар ынтымақтастықтың мынандай формаларын пайдаланады:

салық төлеушілердің салық заңдарын бұзушылықтары туралы ақпараттар алмасу;

салық заңдары бұзылуының алдын-алуға, оларды ашуға және болдырмауға бағытталған шараларды жүргізудегі өзара іс-қимыл;

ұлттық салық жүйелері туралы, салық заңдарындағы өзгерістер мен толықтырулар туралы ақпараттар, сондай-ақ салық заңдары бұзылуының алдын-алу, оларды ашу және болдырмау жөніндегі әдістемелік ұсыныстар алмасу;

Тараптардың ақпараттық жүйелерін құруда және олардың жұмысын

жолға қоюда тәжірибе алмасу және өзара көмек көрсету;

жұмысшы топтарын құрумен, сарапшылар алмасумен қоса, ынтымақтастық барысында пайда болатын мәселелер жөніндегі қызметті үйлестіріп отыру;

кадрларды даярлау және қайта даярлау саласында өзара көмектесу;
ғылыми-практикалық конференциялар, семинарлар өткізу және
бірлескен әрекеттерді талап ететін ынтымақтастықтың басқа да
формалары.

Осы Келісімді орындауға байланысты мәселелер бойынша,
Тараптардың құзыретті органдары бір-бірімен тікелей байланысып
отырады.

4-Бап

Салықтық құқық бұзушылықтар мен қылмыстар
туралы ақпараттар алмасу

Тараптардың құзыретті органдары мыналарға:
салық төлеушілердің, бұл орайда пайдаланған тәсілдерін көрсете
отырып, салық төлеуден жалтаруына;

тұрған орны, бағыныстылығы, меншігінің формасы, тағы басқа деректері туралы
мәліметтерді қоса, кәсіпорындарды (филиалдарды, өкілдіктерді) тіркеуге;

салықтық құқық бұзушылықтар ашылған жағдайда, салық төлеушілердің
мемлекеттік және коммерциялық банктерде шоттар ашуына, сондай-ақ осы шоттар
бойынша қолма-қол ақша мен қаражаттың қозғалуына;

салық салынатын кірістер мен нысандардың, төленген салықтардың немесе салық
салуға байланысты басқа да ақпараттардың барлық түрлеріне;

Ақпаратты сұралған Тараптың құзыретті органы сұраушы тараптың құзыретті
органының сұрауы негізінде, мұндай ақпарат сұралған Тараптың заңдарына қайшы
келмеген жағдайда береді.

Егер тараптардың бірінің құзыретті органы оның қолындағы ақпарат басқа
Тараптың құзыретті органына қажетті деп есептесе, бұл ақпаратты ол өз ынтасы
бойынша бере алады.

5-Бап

Шараларды жүргізу

Тараптардың құзыретті органдары салықтық құқық бұзушылықтар мен
қылмыстардың алдын-алу, оларды ашу және болдырмау жөнінде осындай құқық
бұзушылықтар мен қылмыстарды жасаған немесе оларды, жоспарлауды, күштері мен
құралдарын пайдалануды қоса, жасады деген күдік тудырған адамдарға қатысты
шараларды жүргізген кезде өзара көмектесу, мұндай шараларды жүргізудің барысы
және нәтижелері туралы ақпараттар алмасу.

Тараптардың құзыретті органдары салық салуға қатысты тиісті құжаттардың көшірмелерін сұрау бойынша біріне-бірі береді. Көшірмелер өкілетті тұлғаның қолымен және сұралған құзыретті органның мөрімен расталады.

6-Бап

Құқықтық және ақпараттық сипаттағы материалдарды алмасу

Тараптардың құқықтық органдары ұлттық салық жүйелері, салықтық заңдар саласындағы әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істер бойынша қылмыстарды тергеудің және іс қозғаудың құқықтық негіздері туралы тұрақты түрде ақпарат алмасады, салықтық заңдардағы өзгерістер туралы және қабылданған жаңа нормативтік актілер немесе қолданылып келген нормативтік актілерге өзгерістер енгізу туралы бірін-бірі дер кезінде хабардар етіп тұрады.

Салықтық заңдарды сақтаудың мәселелері жөніндегі ақпараттық жүйелердің құрылуы, қамтамасыз етілуі және жұмыс істеуі туралы тәжірибе, әдістемелік және ғылыми материалдар алмасады, осы Келісімге сәйкес олардың архивтері мен банктерінде сақталған ақпараттық деректерді біріне-бірі ақысыз береді.

7-Бап

Көмек туралы сұраудың формасы мен мазмұны

Ақпараттар алмасудағы өзара іс-қимыл туралы сұрау телетайп, факсимилдік, компьютерлік және басқа байланыс түрлері арқылы жазбаша формада беріледі.

Кейінге қалдыруға болмайтын жағдайда телефон байланысы арқылы берілетін ауызша сұраудың қабылдануы мүмкін, мұның өзі дереу жазбаша формада расталуға тиіс.

Өзара іс-қимыл туралы сұрау мынадай мәліметтерді көрсетуге тиіс:

- сұраушы құзыретті органның атауы;
- сұралған құзыретті органның атауы;
- сұраудың жасалуына қатысты салық төлеушінің деректері;
- қаралатын кезең мен салықтардың нақты түрлері және оны пайдалану үшін қажетті басқа да деректер көрсетілген,
- салықтық заңдарға сілтеме жасалған сұраудың қысқаша мазмұны;

Қылмысты істер бойынша, одан басқа, мыналар көрсетіледі:

- жасалған қылмыстың іс жүзіндегі толық жағдайы;
- жасалған қылмыстың сараптамасы;

келтірілген зиянның көлемі.

8-Бап

Көмек туралы сұрауды пайдалану

Сұрау қолма-қол орындауға қабылданады. Сұраудың орындалуы мүмкін болмаған жағдайда сұралған құзыретті орган бұл туралы тиісті сұрау алынған күннен бастап бір айдың ішінде сұраған құзыретті органды, бұл туралы бас тартудың себептерін көрсете отырып, жазбаша хабардар етеді.

Егер мемлекеттің егемендігіне немесе қауіпсіздігіне нұқсан келетін болса немесе сұралған құзыретті органның мемлекетінің заңдарына қайшы келетін болса, сұрау орындауға қабылданбайды.

Сұралған құзыретті орган көмек туралы сұрауды орындау үшін қажетті қосымша ақпаратты талап етуге құқықты.

Сұралған құзыретті орган өз мемлекетінің аумағында көмек туралы сұрауды орындауға байланысты барлық шығындарды (оның ішінде қосымша шығындарды) өзі көтереді.

Ақпарат алу туралы сұрау мен оған берілетін жауап Тараптардың құзыретті органдарымен келісілген тілде жазылады.

9-Бап

Сұрауды орындау кезіндегі өзара іс-қимыл

Тармақтардың құзыретті органдары бір-біріне олардың ұлттық заңдарына сәйкес және өз құзыретінің шектерінде көмек көрсетеді. Сұралған құзыретті орган оның өтініші бойынша көмек туралы сұрауды орындау үшін іс-қимылдарды жүргізетін уақыт пен оның орыны туралы хабардар етілуі мүмкін.

Сұралған құзыретті орган көмек туралы сұрауды орындау үшін қажетті нормативтік актілерді, құжаттардың расталған көшірмелерін, тағы басқа материалдарды береді.

Расталған көшірмелер тергеу үшін жеткіліксіз болған жағдайда құжаттардың түпнұсқалары мен басқа да материалдардың берілуі мүмкін.

Тараптар осы Келісімнің ережелерін түсіндіру және қолдану кезінде пайда болатын даулы мәселелерді реттеуде өзара келісімге қол жеткізуге ұмтылатын болады.

Тараптар қажет болған жағдайда осы Келісімнің іске асырылу барысына баға беру үшін және оған өзгерістер енгізу мақсатында кеңестер өткізеді. Мұндай кеңестердің өткізілетін мерзімін Тараптар қосымша белгілейді.

Осы Келісімнің ережелерін іске асыру мақсатында Тараптардың жекелеген мәселелер бойынша қосымша Келісімдер жасасуы мүмкін.

Осы Келісімнің ережелері Тараптардың басқа халықаралық шарттарға сәйкес қабылдаған міндеттемелеріне жұғыспайды.

10-Бап

Ақпараттарды пайдалану

Тараптардың құзыретті органдары салықтық құқық бұзушылықтар мен қылмыстарды ашуға, олардың алдын-алуға және болдырмауға байланысты ақпараттың құпиялылығына кепілдік береді.

Алынған ақпаратты Тараптардың құзыретті органдары осы Келісімде көзделген мақсаттарға, оның ішінде әкімшілік немесе соттық тергеулер үшін пайдалануы мүмкін.

Осы Келісімнің шегінде алынған ақпарат бұл ақпаратты берген құзыретті органның жазбаша келісімінсіз үшінші тарапқа берілмейді.

11-Бап

Келісімнің күшіне енуі және әрекетін тоқтатуы

Осы Келісім Тараптардың олардың ұлттық заңдарында көзделген ішкі мемлекеттік рәсімдерді орындауы туралы соңғы жазбаша хабарлары алынған уақыттан күшіне енеді.

Осы Келісім Тараптардың бірі оның әрекетін тоқтататын өз ниеті

туралы жазбаша хабарлаған күннен бастап алты ай өткеннен кейін өз әрекетін тоқтатады.

Алматы қаласында 1997 жылғы 10 маусымда әрқайсысы қазақ, әзербайжан, және орыс тілдерінде екі данадан жасалды. Бұл орайда барлық мәтіндердің күші бірдей.

Қазақ және әзербайжан тілдеріндегі осы Келісімнің мәтіні бойынша Тараптардың арасында алауыздық туған жағдайда, орыс тілдегі мәтін негізге алынады.

Қазақстан
Республикасының
Үкіметі үшін

Әзербайжан
Республикасының
Үкіметі үшін

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК